

Абланова Э.А.

САУРАН АЙНАЛГАН АДАЙЛАР

Абланова Э.А.

КАЗАХСКИЙ РОД АДАЙ И ЕГО ИСТОРИЯ

В статье рассматривается этническая история казахского рода Адай и расселения адаевцев полуострова Мангистау. Автор уделяет внимание какие годы произошло заселение Адаевцев Мангистаускую степь. Так же автор попыталась разделить приход казахов на Мангистау на несколько этапов.

Шығысын Қарақұм мен Самға жалғасқан Үстірттің кең жазығы, батысын ұлан-байтақ Каспий теңізі қоршап жатқан Маңғыстау жері көп замандардан малының қамы үшін көше жүріп тіршілік кешкен әр түрлі халықтар мен тайпалардың белгілі қонысының бірі болып келді.

Маңғыстаудың қазіргі негізгі тұрғындары-адай қазақтары бұл жердің аборигендері емес, олардың Маңғыстау өңіріне келіп орныға бастауы XVIII-ғасырда болған процесс /1/.

Адайлардың түбекті қай кезде нақты иеленгендігі жайлы ресми дерек жоқ.

1748 жылы М.Тевкелевтің Кіші жүз қазақтарының рулық құрылымы мен жеке руларының көшіп қонатын тұрақтарын сипаттайтын жазбасында «Алшын мықты ру, ол екіге бөлінеді. Қаракесек және Байұлы. Қаракесек алты рудан: шекті, қаракесек, шөмекей, төртқара, қаракетеден тұрады. Бұл руларға Әбілқайыр хан иелік етеді. Байұлы он екі рудан: адай, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, алтын, шихляр, шеркеш, танадан тұрады. Он екі ата байұлы рулары Нұралы сұлтан қол астында» **121**. Хан әулетіндегі ресми боліністе он екі ата байұлы, оның ішінде адай руының Нұралы сұлтан қол астында болғандығы анықталды.

Кіші жүздің адай руының Әбілқайыр ханға қатысты жазба дәйек хан қасында жүрген Мырзатай батыр жайлы: «1750 жылы адай батыры Мырзатай Хиуамен арадағы сауда мәселесін шешуде Нұралы сұлтанмен бірге Хиуаға аттанды (Мырзатай батыр Нұралы-ханның нағашы ағасы деп жазылған Э.А.)» /3/.

Адай руының өз? бірнеше рулық топтарға, аталарға жіктеледі. Ең алдымен адай руы Келімберді, Құдайке делінетін екі үлкен бөлімге ажыратылады да, одан әрі Келімберді-мұңал, тобыш, бұзау, балықшы, ақпан, құнанорыс болып алтыға, Құдайке-қосай, тәзіке болып екіге бөлінеді. Осы айтылған негізгі аталарын 8 арыс адай деп атаған. Адайдың рулық төл таңбасы - «Адай таңба» деп аталатын садақ пен жебе тәрізді белгі. Ұраны-«Бекет». Есімі ұранға айналған адамдарды қазақ, әдетте арға аталарына санайды. Ұрандардың бірталайы солай болғанымен кейде ел бастаған кейінгі адамдардың аттары ұранға айналған. XVIII ғасырда өмір сүрген Бекет Атаның аты тарихта бүкіл Адай руының ұранына жалғасты /4/.

Бекет Ата-соңғы үш ғасырдағы Арал-Хазар аралық аймағының нышаны тұлғасы. Бекет Ата-ұран-тұлға. Оның есімі X^{III}-ғасырға дейінгі адай ұраны «Тегеленді» ауыстырды, оның есімі ел ұранына айналды.

Бекет Ата-реалды тірек, бекет, тоқтау нүктесі, өйткені оның Маңғыстау жерінен мәңгі жай табуы-бірнеше ғасырға созылған тиянағы мен баяны жоқ, халық тұрақтамайтын, «жеті жұрт келіп-кеткен» (ең тұрақты деген түркмендер осы жерден үш-төрт рет қоныс аударған). Маңғыстау мен Үстіртті Адайлар үшін «Отан», «атамекен» етті.

Бекет атаның мешіттерінің орналасуы мен бейітінің координаттары «Адай» космосын дәл көрсетеді. Оның Ақмешіттегі мешіті XVIII ғ, бірінші жартысындағы Адайлардың мекендеу орталығы болды және сонау ноғайлы заманынан бергі аймақ рухани ақпаратын сіңіру аралы болса, арал теңізі жағасындағы және Бозашы түбегіндегі бар делінетін мешіттері халықтың көшіп-қону аралының екі қанаттық шеті, ал Оғландыдағы бас мешіт Үстірт пен Маңғыстауды шектесер тұсында және бүкіл Арал-Каспий аралық аймағының географиялық орталығы болып табылады. Бекет Адайларға XVIII ғасырға дейінгі ұшарын жел, қонарын сай білетін қанбақ сияқты Еділ мен Алтай, Тобыл мен Хан-Тәңір, Түмен мен Самарқанд арасында байыз таба алмай кезіп жүрген көп қазақтың бір тобына рухани да реалды да байыз таптырушы болды, сондықтан оның әулиелігі пірдің соны - Бекет (өзіне дейінгі және кейінгі 'әулиелерден) жоғары тұр **151**.

Бекет Ата тарихта шынайы өмір сүрген соңғы әулие. XVIII-ғасырда Маңғыстауда адайлардың нақты отырғандығының дәлелі Оңтүстік Үстірттегі Оғландыдағы ата мүрдесі жерленген Бекет Ата жер асты ғимаратында ата мүрдесі жерленген бөлмедегі тақтатаста: «Мырзағұлұлы Бекет (1650-1713 жж.)» деп жазылған. Бірақ, 1853 жылы Үстіртте болған ғылыми экспедицияның топографы Алексеев Бекет Ата жайлы жазбасында атаны 1813 жылы қайтыс болған дейді. Халық арасында ауызша тараған дерек негізі Бекет атаны алпыс үш жасында дүние салды деп көрсетеді, сонда әулие 1750 жылы Өмірге келген. Бұл туралы жазған ғалым Қ. Сыдиықұлы Алексеев дерегі шындыққа жанасымды деп көрсетеді, себебі уақыт межесі тұрғысынан орыс зерттеушісі ұлы әулиеге жақынырақ заманда өмір сүрген адамдардың айтқан айғақтарын жеткізген /6/.

Тарихта Адай руының арғы қонысы, ерте тарихи тегі туралы болжамдар баршылық. Қазақ тарихында зерттеушілерден алғаш адайлардың шығу тегі жайлы болжамды С.А. Аманжолов жазып қалдырған. Зерттеуші адайларды ерте дәуірде б.з.д. II ғасырда шығыс Каспий жағалауын қоныстанған «дах» тайпасымен байланыстырады. Грек тарихшылары Геродот пен Страбонның деректері негізінде дайлар б.з.д. V ғасырдан б.з. I-ғасырына дейін Сырдарияның төменгі ағысында, Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағасында өмір сүрген /7/.

Б.з.д. 3 ғ-б.з. 1 ғасыр межесінде Кангюй мемлекеті күшейіп Хорезм, Ферғана, Соғда

аймақтарына билік жүргізген уақытта дайлар кангюйлердің қарамағында болды. Кейін Батыс түркі қағанаты күшейген тұста дайлар қағанат құрамына енді.

Қоғамдық дамуда енді осы жерден тарих сахнасына көшпелі оғыздарды алып шығамыз. Біздің заманымыздың VIII-ғасырының екінші жартысында оғыз тайпалары Жетісу жерінен ығысып, Сырдария жағасына келіп орнықты. Осы жерде түйшейіп, еңсесін котерген оғыздар көршілес тайпалардың жерін жаулап, өздеріне бағындырды. IX ғасырда дайлардың көпшілігі оғыздардың құрамына қосылды. Оғыздар келген сәтте дайлар Маңғыстау түбегінде отырған. Оғыздар Маңғыстауды түбек емес, арал деп түсінді. Соған байланысты олар осы жерді қоныстанып отырған тайпаны «Адай» деп атаған. Оғыз тілінде «ада»-арал деген ұғым, ал аралды қоныстанушылар «адай»-лар деп аталды /8/.

Күні бүгінге дейін Каспий теңізінің Кендірлі бойында «Ада» деген атпен арал аты сақталған. Оғыз құрамындағы түркмен тайпалары да IX-ғасырдан Маңғыстауды сағалап, адайлармен бірге қабаттаса көшіп, бірге жүрді. Бірақ, шөл даладағы құнарлы жайылымның жетімсіздігі, құдықтардың аздығынан елі ел арасында келіспеушілік жиілеп, ол үздіксіз жаугершілік қақтығысқа айналды. Оғыз түркмендерімен арадағы тынымсыз күрестің нәтижесі адайлардың теріске қарай, Ембі, Ойыл, Сағыз өңірлеріне қоныс аударуына алып келді.

XIII-ғасырда бүкіл қазақ жерін монғолдар жаулап алғанда, Адайлар Алтын Орданың құрамында болды. Осы кезде адайлар кыпшақтармен араласты. Алтын Орда құлағаннан кейін Көк ордадағы адайлар Өзбек хандығының, кейін Ноғай Ордасының құрамына өтіп, ал Қазақ хандығы құрылып, қазақ халқы өзара үш жүзге бөлінген кезде бұрышғы Ноғай ордасындағы адайлардың бәрі кіші жүз бірлестігінің құрамына кірді **191**.

XVII ғасырдың басында адайлар Сауран ауданында көшіп қонды, Адайлардың осы кезеңдегі орналасуын қазақ даласындағы саяси катаклизммен байланыстырған В.В. Востров пен М.С. Мұқанов оның тамырын әріден XV ғ. Керей мен Жәнібек сұлтанның қол астындағы қазақтармен, оның ішінде дайлармен (адайлар) батыс Жетісу ауданына көшуімен ұштастырады. Жәнібек гіен Керей Кіші жүзге 50 жылдан кейін оралса да адайлар Жетісуда әлі ұзақ уақытқа қалды/10/.

Халық жадында адайлардың Маңғыстауға оралғандығы туралы ауыз әдебиетіндегі мәліметте 300 жыл бұрын бірнеше руға біріккен байұлы, жетіру және элімұлы, оның ішінде адайлардан тұрған қазақтар Сырдария бойында Сауран ауданы маңында көшіп қонды. Жаңа, еркін жер кеңістігіне деген қажеттіліктен олар батысқа Арал теңізі жағалауына қажыды. Бірнеше ру басылары, ішінде адай қосай немересі Есенқұлұлы Есен әрі қарай Ембіге ішкерілей енгенде ол жердің қалмақтардан бос емес екендігін көрді. Осы жерден Маңғыстауда қыстап отырған түркмендермен қақтығысты. Түркмендер Маңғыстауда қыстап, ал жазда солтүстікке қалмақ жеріне өтетін. Ембі мен Ойыл ауданын көшіп қонуға

қолайлы деп тапқан Есенқұлұлы Есен мен оның руластары қалмақтарды ң әлсіздігі н пайдаланып, оларды ығыстырды, нәтижесінде XVII ғ. аяғындағы Кіші жүздегі жер иелену дағдарысының шиеленісуіне байланысты адай руы оңтүстік Үстірт пен Маңғыстауға түркмен руларына қарай қозғалуға мәжбүр болды. Шындығында бұған дейін де адайлардың жеке рулары қатты қыс болған жылдары Үстіртке көтерілетін, бірақ, XVIII ғ. Үстірт және түбек толықтай адай иелігіне өтті. Маңғыстауда отырған түркмендердің басым көпшілігі адайлар қысымымен оңтүстікке Қарабұғазгол шығанағына кетті, тек 3000 түркмен адайлар арасында түбекте көшіп қонуын жалғастырды /11/.

Адайлар Маңғыстауға үш жүз жыл өткен соң, XVIII-ғасырдың басында оралды. Бұл халық ауыз әдебиетінде «Сауран айналған» тіркесімен белгілі. Адайлар болмаған үш ғасырда Маңғыстау қаңырап бос жатпады. Енді «Ата жұрт» жері үшін ұлы күрес басталды ... /12/.

Маңғыстауға адайлардың қай кезде келгені жайлы КСРО Ғылым Академиясының 1926 жылғы Маңғыстау экспедициясы нәтижелері жарияланған еңбекте «XVIII ғасырдың ортасында Сауран өңірінен ығысқан адайлар батысқа бет алып, қалмақтардан Ойыл, Темір, Жем өзендеріне дейін жерлерді тартып алды, ал XIX ғасырдың алғашқы ширегінде адайлар Ресейдің қолдауымен Маңғыстау, Үстірт, Бозашы түбегінен түркмендерді ығыстырып, Арал теңізінің батыс жағалауларына Красноводск және Хиуаға баратын" жолдарға дейінгі үлкен аумақты иеленіп, өзінің көшіп-қонатын жер шектігін кеңейткен» /13/.

Қазақтың халық жазушысы, өлке тарихын зерттеуде құнды ізденістер авторы Ә. Кекілбаев түбекке қазақтардың келуін он тоғызыншы ғасырдың басына таман апарды. Бұл ретте автор «1803 жылы Орынбор губернаторы князь Г.С. Волконскийдің тапсырмасы бойынша Көбек Шүкір Әліұлы мен Қазан татары Ғали Шахмұтаровтың Ұлы, Орта, Кіші Орда қазақтарының саны мен көші-қоны Орал облысы мен Хиуа деп көрсетілген. Бірақ, қазақтар бұл тұста Жем сағасын, Сам, Асмантай-Матай құмдарын жайлап, әлі Маңғыстау ойына құлай қоймаған секілді. Олардың Маңғыстау мен Үстіртке дендеп бет қоюына түркмендердің Ресейдің қол астына өтпек әрекеттері себепші болған. Түбектегі абдал, бұрыншық түркмен руларының 1813 жылы малдарын сатып, кемемен Астраханға ауды, қалғандары балқан түбегіне, Хиуаға қарай көшті. Адай тайпасы Маңғыстауға осы тұста қоныстанса керек...»деп көрсетеді /14/.

Ә. Кекілбаев қазақтардың түбекке қоныстануын бір ғасыр кейін шегеруімен қатар, олардың келуін түркмендердің кетуімен байланыстырады. Бұл ретте, біз қарастырған дерек қорларында түбектегі су жағасын жайлаған түркмен руларының он сегізінші ғасыр басында-ақ сандық динамика тұрғысынан азшылықты құрағанын ескерсек, және түркмен миграциясының белсенділігі он тоғызыншы ғасыр басында емес, он сегізінші ғасырдың екінші жартысында болғандығына назар салсақ, онда 1813 жылы теңіз жағасында отырған түркмен үйінің

бірнешеуі ғана Астрахань асып, Хиуа жеріне көшкені оған деңін Маңғыстауға қоныстанып еркін көшіп-қонған қазақтардың жерді иеленуіне эсер еткен фактор болды деп айта алмаймыз.

Маңғыстау адайлары туралы мұрағат деректеріндегі мәліметтер үзік-үзік өте аз. Тарихта адайлар аты 1785 жылғы Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған халық көтерілісі кезінде аталады. Онда «Беріш және Адай руларының қырғыздары (қазақтары Э.А.) Қаракөл өзені маңында, Қарайлы суы жанында көші-қондары бар. Олардың көпшілігі қазір қарақшы Сырым тобында» /15/.

1785 жылғы 27 июльде М. Тевкелев жазбасынан кейін 37 жыл откен соң Орынбор губернаторы барон Игельстром жазған Кіші жүз руларының бөлінісінде: «Бай ұлының он екі руы адай, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, алтын, шеркеш, тана, шихляр» Нұралы ханның қол астына кіреді, Жеті ру табын, тама, кердері керейт, жағалбайлы, тілеу, рамадан Айшуак сұлтанның билігінде, қаракесектің төрт руы: шекті, қаракесек, қаракете, қарасақал Нұралы ханға бағынса, екі руы: шөмекей мен төртқара Ералы сұлтан билігінде» /16/, яғни адай руының әлі Нұралы ханның қол астында отырғандығын байқаймыз. Енді осы жерден адай рулары 1785 жылы Сырым батыр бастаған қазақ старшындарының II-Екатерина атына Әбілқайыр ұрпағын тақтан аластату туралы өтінішінде Адай руы атынан Атағазы бахадүр, Өмір бахадүр, Шотан бахадүр, Хасан би аты жазылған. Маңғыстау қазақтарының ауыз екі жазбаларында Шотан батыр мен Хасан би түбекке адай ауылдарын ертіп әкеліп, алғаш қазығын қаққан тұлғалар /17/.

Бұл ретте адайлар аты 1770 жылы Маңғыстау түркмендеріне хан сайланған Нұралы хан баласы Пірәлімен қоса аталады, бірақ негізгі деректерде Пірәлі ресми түрде түркмен ханы деп көрсетіледі де, адайлар «Түркмен ханы Пірәлі жанында орналасқан» деп жазылған.

XVIII-ғасырда казак қоғамының бір бөлшегі ретінде адай рулары ішінде де халық элеуметтік тұрғыдан дәулетті, орташа, кедей болып бөлінді. Дәулетті адайлар өз есігінде күң ұстады.

1786 жылы қазақ старшындары мен сұлтандарының барон Игельстром атына жазған талап хатында адай руынан Асан, Атағозы, Қаражүн, Есіркеп, Шотан қол қойған «қыстау үшін біз Оралдан төмен, тіпті Гурьев қалашығынан да төмен орналастық. Бізден қашқан 5-күң қызметшілер Орал қалашығынан Гурьевке дейін бекіністерді паналады». Олардың иесі адай руының Еркесарысы, мұңалдың Баубегі, Мәмет Қараекіт» /18/. Бұдан дәулетті адайлардың қол астында күң ұстағандығы нақтыланады.

Жағдайы жақсы малы көп артында бір ауыл руы бар беделді адайлар Кіші жүздің басқа рулары сияқты орыс билігінен енді бұрынғы жылда көшіп жүрген ата тұрақтарына ресми рұқсат алып, тізімге енген соң ғана сол жерді иелену құқына ие болды. 1787 жылы Кіші жүздің Орал маңына көшуге рұқсат алған старшындар тізімі қатарына Адайдан тек Әлиқыран батыр Имантайұлы қол астындағы 500 үймен

Қараөткел шатқалы маңында көшіп-қонуға құқылы болды /19/.

1796 жылы Маңғыстауда қыс қатты болып Бозашы Шоң шатқалында түркмендермен қоңсылас отырған қазақтардың; Ембі, Сағыз, Каспий теңізінің аралдарында Шам құдығы маңында және түбектің басқа жерлеріндегі халықтың малы қырылып, елге жұт келді. Қазақтардың ішінде 2000-нан астам жылқы мен қойлары болған дәулетті байларында осы жұттан тек 100 жылқысы мен 60-70 қойы ғана қалса, кедейлердің соңғы малына дейін қалмады. Ақсақалдардың айтуы бойынша бұндай қатаң қысты бұрын сонды көрмеген. Аштан жас баланың көпшілігі шетінеген. Киіз үйдің салқын болғаны сонша, оған отын табу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан 2,3,4 отбасы бірігіп бір киіз үйді паналап, киіз үйдің уықтарын отынға жаратып, кейін туырлық пен киізін, шапандарын жағып жылынды. Бірақ, сөйтіп отырғанда олардың бағына қарай қар ери бастады. Нарын құмының ішкі линиясында қыстаған қазақтар қыстан жақсы шықты. Қыстан мал тұяғы аман шыққан қазақтар енді малы қырылып қалған Каспий жағалауы қазақтарынан қауіптенді. Малсыз қалған ел ұлы ұрлық пен барымта жолына түсуі ықтимал, сондықтанда барлық қазақтар жайлауда линия бойында көшіп-қонуға бекінді /20/. Бұл тарихта он сегізінші ғасырдың аяғы Маңғыстау адайларының Кіші жүз кагортасынан бөлініп, түбектегі табиғат қаталдығына қарамастан бірнеше ру, ауыл болып қиындықты көтеріп, жылдар шектігінде өз әлінше тәуелсіз түбекті қыстап отырған шағы. Қыстан шыға алмай малсыз қалған адайлардан енді түркмендер ғана емес Кіпп жүздің басқа рулары да секемдене бастады.

1803 жылғы Орынбор әскери губернаторы, князь Г.С. Волконский тапсырмасымен жасақталған қазақтардың сандық құрамы, көші-қоны туралы деректе «Он екі Ата Бай ұлындағы бастыру Адайлар 10.000 отбасын құрайды. Олардың жанында түркмен ханы Пірәлі орналасқан. Адайларды старшина Ғұбыр батыр, Құрмантай би, Есен мырза басқарады. Жазда олар Орынборда, қыста Орал линиясында сауда жасайды» деген /21/. Біз қарастырған осы деректі «Маңғыстау тарихы» мақаласында жазушы Ә. Кекілбаевта көрсеткен, Бірақ, автор «қазақтар бұл тұста Жем сағасын, Сам, Асмантай-Матай құмдарын жайлап, әлі Маңғыстау ойына құлай қоймаған секілді» деген пікір айтады. Г.С. Волконский дерегінде адайлардың Маңғыстауда отырған Пірәлі хан қасында екені анық жазылғандығын ескере отырып, бұл уақыт межесінің, яғни 1803жыл адайлар түбекте қоныстанып, тұрақты қыстауға айналдырғанына бірнеше жыл емес ғасырға таяу уақыт өткен мезгіл еді.

Сонымен сөзімізді қорытындылай келе осы мәселені зерттеп, мұражай деректерін жинап саралаған сәтте он сегізінші ғасыр басындағы түбекті жайлаған Маңғыстау қазақтары туралы деректің мұражай қорларында өте аз мардымсыз екендігін аштық. Ал, тарихнамалық зерттеулерді зерделеу барысында ең бірінші туындаған сұрақ бізге дейінгі жазылған орыс империясындағы жазбаларда, кейін

осы дәстүр кеңес, соңғы тәуелсіз заман кезінде де «Маңғыстауға адай қазақтарының келуі» негізінде қарастырылғандығы. Жалпы, дені ХХ ғасырда Маңғыстаудың саяси, этно-археологиялық откенін зерттеген зерттеушілердің барлығы дерлік қазақтардың бұл жерге қоныстануын жоңғар шапқыншылығымен (империя заманындағы орыс жазбаларында бұл ойды алғаш Юдинь көтерген Э.А.) байланыстыра отырып, егер Юдинь адайларды түбекте он сегізінші ғасырдың отызыншы жылдары жүр десе, түбек қазақтарын кейінгі ізденушілер ғасырдың екінші ширегінен іздейді. Осы жерден туатын заңды сұрақ Маңғыстауға адайлар келдіме әлде бұл жер бұрыннан көшіп-қонып, тұрақты қысты қыстайтын тарихи мекені ме? Неге мұражай деректерінде түркмендер аты жиі ауызға алынған? себебі бұл жерде күн көрген түркмен руларының барлығы дерлік су жағалай орналасқан, яғни Каспий теңізінің шығысына әр ру ауыл ауыл бол ып шашырай қоныстанып саудамен және балық аулаумен және Ресей мен Хиуа ортасында делдал болып жалданумен күн өткізген. Сондықтанда бізге жаңа заман, оған дейінгі дәуір шектігінде түбек халқы туралы жеткен мәліметтерде осы су айналып жайлаған түркмен елі көрсетілген. Ал, қазақтарға келетін болсақ, біріншіден түркмендерге қарағанда түбекті иеленген қазақтар тұрақты отырмай жыл мезгіліне сәйкес көшіп қонған, олардың бұл кездегі әмір сүру әдісінде түркмендердегідей сауда қатынастары арқылы күн көру тәуелділігі басым болмады. Екіншіден Маңғыстау адайлары ру руға бөлініп шашырай қоныстанған., яғни нақты бір орталыққа бірігіп тығыз орналаспаған, әр ру келесі рудан тәуелсіз күн көрген.

Біздің ойымызша адайлардың он сегізінші ғасырда Маңғыстауды иеленуінің өзі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші топ 1720-1721жж. (мүмкін одан да бұрын) түбекке қыстауға келген кедейленіп қалған қазақтардан тұрады. Олар қврші түркмендердің ауылдарын шауып, малын барымталап, калмақ, орыс, хиуа, түркмен саудасына қысым көрсетіп, түбектегі саяси билікті өздері келген сәтте түркмендермен өзара соғыса отырып, тартып алып, кей жерде қоңсылас көрші отырып иеленіп, уақытша қыстаушылардан тұрақты қожайынға айналды. Осы жерден енді тарихта адай қазақтарының механикалық өсім динамикасы көбейе берді. Келесі адайлардың қалған руларының екінші легі Пірәлі хан тұсында 1770 жж. түбекке келіп қоныстанды, ал үшінші рет Сырым көтерілісі тұсында, яғни жоғарыда айтылған 1885 жылы Нұралы ханға қарсы шыққан уақытта рудың беделді билері мен батыр, бахадүрлары хан саясатын қолдамай, іргелерін аулақ салып, ауылдарын

бөлектеуі (осы жерден тарихи деректерде адайлар Нұралы ханның қол астындағы «енші руының бірі екендігін» ескерсек), адайлар миграциясын тек қыстақпен шектемей, Маңғыстаудың тұрақты қоныстанушыларына айналдырып, Кіші жүз ханына бағынудан бас тартқан кезеңі, олардыңтүбекті толық иеленіп болған дәуірімен сабақтас келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Омарбеков. Қдзактың ауызек! тшндеп жергшп ерекшелштер.-Алматы: Гылым., 1965. -Б.201..-6.
2. Казахско-русское отношения XVI-XVIII веках. - Алматы., 1964.-6.406.
3. Бул да сонда.,-6.509.
4. Ү.С. Кыдыралин. Мангыстау казактарынын мәдениеті мен турмысы. -Ақтау.1995.Б.239.,-6.25-26.
5. С. Кондыбай. Мангыстау мен ҮсТіріТін киелі орындары.-Алматы:Арыс.,2007.-Б. 128.,-6.10-11.
6. Бекет-Ата.Ютапты курастырып.алгы сез! мен тусшктемелерш жазган К- Сыдиыкулы., -Алматы: Арыс., 1994.-Б. 126.,-б. 13,15.
7. С.А. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.-Алма-Ата., 1959.6.160
8. Бул да сонда., б. 160.,
9. К.Салгараулы.Казактык килы тагдыры.-Алматы : Жалын.,1992.-Б.302.,-6.294-295.
10. В.В. Востров., М.С. Муқанов.Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX-начало XX в).-Алма-Ата: Наука. 1968.-Б.255.,6.86-87.
11. Бул да сонда.,0.87.
12. К.Салгараулы Дазактың килы тагдыры.-Алматы : Жалын.,1992.-Б.,-6.297.
13. Материалы экспедиционных исследований. Выпуск. S3. Серия Казахстанская., -Ленинград., 1928.6.100-101.
14. Э. Кекшбаев. Мангыстау. Энциклопедия. -Алматы., 1997.6.52.
15. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР., 1940.-С.543.,-с.47.
16. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР.,1940.-С.543.,-с.58.
17. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР., 1940.-С.543.,-с.54.
18. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР.,1940.-С.543.,-с.261.
19. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР., 1940.-С.543.,-с.74-75.
20. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР., 1940.-С.543.,-с. 186-187.
21. Материалы по истории Казахской ССР.(1785-1828 гг.),-Т.4.-Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР.,1940.- С.543.,- с.515.

Рецензент: д.и.н., профессор Эралиев З.